«СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА СТЕПНОГОРСКА»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2020 жылғы 29 қазан № 267

Степногорск қаласы город Степногорск

**«Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға, «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілсін.

2. Степногорск қаласының білім бөлімінің жанындағы әрбір білім беру мекемесінде «Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын зерделеу жұмыстары өткізілсін.

3. Степногорск қаласы білім бөлімінің білім беру мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» бұйрығымен білім алушыларды, ата-аналарды, заңды өкілдерді хабардар етуді қамтамасыз етсін.

4. Ата-аналар мен оқушылардан ақша жинауға қатаң тыйым салынады.

5. Білім беру мекемелерінің басшылары сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін уақытылы қарауды тұрақты бақылауда ұстасын.

6. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік құжаттардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету.

7. Сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша болған жағдайлар туралы білім бөліміне дереу хабарлансын.

8. Қамқоршылық кеңесінің отырыстары тұрақты өткізілсін. Тоқсанына бір рет білім беру мекемесінің басшысы білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметін сапалы көрсету туралы жиналыстарда тыңдалсын.

9. Отырыс өткізілгеннен кейін 3 күн ішінде мектеп сайтында, интернет-ресурстарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарда көрсетілген іс-шараларын іске асыру туралы ақпараттық-талдамалық материалдарды, Қамқоршылық кеңестер отырыстарының хаттамалары мен шешімдерін тұрақты орналастырылсын.

10. Тоқсан сайын мектеп сайтында бюджеттен тыс қаражатты пайдалану туралы есептер орналастырылсын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

**Басшының м.а.** **С.Жетписбаева**

Орындаған: А.Оспанова, 6-35-14